

Өзбекстан Республикасының Жеке тұлғалар Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кедендік шекаралары арқылы тасымалдайтын өндірістік және өзге де коммерциялық қызметке арналмаған тауарларды және валютаны кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібі туралы 1998 жылғы 22 қаңтардағы хаттамаға қосылуы туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 желтоқсандағы N 1175 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Өзбекстан Республикасының Жеке тұлғалар Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кедендік шекаралары арқылы тасымалдайтын өндірістік және өзге де коммерциялық қызметке арналмаған тауарларды және валютаны кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібі туралы 1998 жылғы 22 қаңтардағы хаттамаға қосылуы туралы хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Өзбекстан Республикасының Жеке тұлғалар Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кедендік шекаралары арқылы тасымалдайтын өндірістік және өзге де коммерциялық қызметке арналмаған тауарларды және валютаны кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібі туралы 1998 жылғы 22 қаңтардағы хаттамаға қосылуы туралы хаттамаға қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2006 жылғы 6 желтоқсандағы

N 1175 қаулысымен

мақұлданған

Жоба

Өзбекстан Республикасының Жеке тұлғалар Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кедендік шекаралары арқылы тасымалдайтын өндірістік және өзге де коммерциялық қызметке арналмаған тауарларды және валютаны кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібі туралы 1998 жылғы 22 қаңтардағы хаттамаға қосылуы туралы хаттама

1995 жылғы 6 және 20 қаңтардағы Кеден одағы туралы келісімдерге қатысушылар болып табылатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының

Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі, Тәжікстан Республикасының Үкіметі бір тараптан және Өзбекстан Республикасының Үкіметі екінші тараптан,

2006 жылғы 25 қаңтарда қол қойылған Өзбекстан Республикасының Еуразиялық экономикалық қоғамдастық құру туралы 2000 жылғы 10 қазандағы шартқа қосылуы туралы хаттаманы назарға ала отырып,

Жеке тұлғалар Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кедендік шекаралары арқылы тасымалдайтын өндірістік және өзге де коммерциялық қызметке арналмаған тауарларды және валютаны кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібі туралы 1998 жылғы 22 қаңтардағы хаттаманың 8-бабын басшылыққа ала отырып, мына төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Өзбекстан Республикасының Үкіметі Жеке тұлғалар Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кедендік шекаралары арқылы тасымалдайтын өндірістік және өзге де коммерциялық қызметке арналмаған тауарларды және валютаны кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібі туралы 1998 жылғы 22 қаңтардағы хаттамаға қосылады және осы Хаттаманың 2-бабында көрсетілген ережелерді қоспағанда, одан туындайтын құқықтар мен міндеттемелерді толық көлемде өзіне қабылдайды.

2-бап

Өзбекстан Республикасының Үкіметі Жеке тұлғалар Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кедендік шекаралары арқылы тасымалдайтын өндірістік және өзге де коммерциялық қызметке арналмаған тауарларды және валютаны кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібі туралы 1998 жылғы 22 қаңтардағы хаттаманың 3-бабының ережелерін ол үшін 2003 жылғы 28 қазандағы Хаттамамен енгізілген өзгерістері мен толықтырулары бар 1998 жылғы 24 қарашадағы Жеке тұлғалардың Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің шекараларынан еркін және тең құқылы өтуін және олардың тауарлар мен валютаны кедергісіз тасымалдауын қамтамасыз ету туралы келісім күшіне енген күннен бастап қабылдайды.

3-бап

Осы Хаттаманы түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар консультациялар немесе келіссөздер жолымен шешіледі.

4-бап

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап отыз күн өткен соң күшіне енеді.

2006 жылғы " _____ " _____ каласында орыс тілінде бір данада
ж а с а л д ы .

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы оның куәландырылған көшірмесін оған қол
қойған үкіметтерге жіберетін депозитарийде сақталады.

<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Беларусь</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Қырғыз</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Ресей</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Тәжікстан</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Өзбекстан</i>	<i>Республикасының</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК